

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.10 - 20.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы", "Нанның құрамындағы пайдалы элементтер", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды жеке атап, тізімдеп қоюға ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында сөренің шаңын, пластиктен жасалған Бауырсақ ойыншығын сұрткеннен кейін,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, оларды жеке атап, тізімдеп қоюға ынталандыру;	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына қоюды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен бетінің

басқалар)		бетінің таза, жылтыр болғанына көңіл аудару.	қауыршақтарды орындықтарға отырғызуға шақыру.	қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.	тегіс болуын бақылау, суару.
	"Алтын астық" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға бидай алқабының суретін көрсету арқылы бидай туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды орындағанда жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. <i>Қ. Мүсірепов "Алтын астық" тақпағын мәнерлеп оқу.</i> Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала - бай	Бауырсақ ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншыққа қарап, көркемсөзді айтуға ынталандыру, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету. <i>Д. Ахметова "Бауырсақ".</i> Бауыр-бауыр-бауырсақ, Сенің бетің домалақ, Сенің дәмің тәп-тәтті. Абайлашы, сақ болшы! (сенсорика, сөйлеуді	Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилету арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой.	Тышқан ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауды үйрету, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. Ойыншық болмаса оның суретін көрсету мүмкін. Д. Ахметова "Тышқан".	"Торт шеңберін безендірейік" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға дөңгелек пішінді әртүрлі геометриялық пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты "торт" бейнесі ретінде қабылдауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту. Педагог қағаздан дайындалған түрлі түстерге боялған дөңгелек фондарды дайындап қояды, табакшаларға

	дала, Алтын астық айнала. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	дамыту)	Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	Тықыр-тықыр тықырлап, Кеміріп, бидай ұрлап, Тышқан жүр, еден тесіп. Көрейік оны, барлап. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	қағаздан қиылған немесе пластиктен мөлшердері бірыңғай геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы) салып қояды. Торт десе - ол тәтті нан, Түрлі гүлге боялған: Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы - Торттың үстіне қарайықшы. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену. 2–1 оң иықты көтеру. 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 2–3 сол иықты көтеру. 2–4. бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау). 3. Бастапқы қалыпқа келу. Қолды кеуде тұсына қойып, қоян сияқты тұру. 3–1– 3 рет секіру.				

	3–2 – бастапқы қалыпқа келу. 3–3– 3 рет секіру. 3–4 бастапқы қалыпқа келу (2 рет қайталау). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай! Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ... Д. Ахметова				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) Жел еседі алқапта, Бидай толды масақта. Масақты жинап, терейік, Ұннан нанды пісірейік. Нан ыстық, аппақ, Ұстауға жұмсақ. Д. Ахметова				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Нан қадірі". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардан аттап жүру жаттығуларын жасау кезінде бір-біріне	Музыка. "Ару күз". Мақсат-міндеттері. Жаңбыр туралы әнді тыңдауға балалардың қызығушылығын арттыру; әнді	Дене шынықтыру. "Нан болса, ән де болады". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын	Дене шынықтыру. "Аттап жүгірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындашты үш саусақпен ұстап,

кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; оқу қызметі кезінде достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; бидай егуші дихандардың еңбектерін бағалай білу сезіміне баулу. Сабақ басталар алдында балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдалану: "Күн қандай көңілді!", "Нан болса, ән де болады!", "Бәріміз күшті боламыз!", "Жарайсың!", "Керемет!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Бидай шашам	тыңдап, сыр-сипатын ажыратуды үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, әуенге ілесіп айту дағдыларын жетілдіру; күз кереметтерімен таныстыру. Балалардың музыкалық шығарманы қабылдау қабілетін дамыту; дыбысты тыңдау, ажырату дағдыларын үйрету; ырғақты қимылды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Нанның қасиеті".	жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; ағзаның дұрыс дамып, жетілуі үшін күнделікті ішіп жүрген тамақтың маңызы туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. "Жинап алыңдар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Доптан аттап жүруді	тақырыпты қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; балалардың жалпы дамыту жаттығулары арқылы тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. "Бидай шашам қаптардан" ойыны. Мақсат-міндеттері. Бидайды шашуды және қайта жинауды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (дене шынықтыру)	ұшын қойған жерден бастап, шеңбер бағытымен бұру және тұйықтау, нүктеге жеткізуді үйрету; қағаз бетіндегі көлденең түзу сызық бойын ортаға қарай тұйықталған дөңгелек тоқаштармен толтыруға жаттықтыру; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға машықтау; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру. "Сенде не бар?" сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді, затты атауды,
---	---	---	---	--

	қаптардан" ойыны. Мақсат-міндеттері. Бидайды шашу және жинауды, ереже бойынша ойнауды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттері. Балаларға нанның қасиеті мен маңызы туралы түсінік беру; нанның қандай еңбекпен әзірленетіні туралы қысқаша мағлұмат беру. Балалардың нан өнімдері атаулары арқылы ой-өрісін кеңейту; еске сақтау қабілеті мен сөйлеу тілін дамыту. "Ойыншықтарға нан берейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. (музыка, сөйлеуді дамыту)	және оларды жинауды үйрету. (дене шынықтыру)		бір-біріне сұрақ қояды үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күзгі ауа райын бақылау.	Сары жапырақтарды	Бұлттарды бақылау.	Күзгі ауа райын бақылау.	Топырақты бақылау.

	Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар ұшып барады. - Адамдарға қараңдаршы, балалар, ауа салқын, адамдар жылы киінді. Қ. Ыдырысов "Күзім". Күзім-күзім, күзім-ау,	бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жергі түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. М. Әлімбаев "Ұшты талдан жапырақ". Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. Балаларға көркемсөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге	Мақсат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды	Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог: - Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. - Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар ұшып барады. - Адамдарға қараңдаршы, балалар, ауа салқын, адамдар жылы киінді. Қ. Ыдырысов "Күзім". Күзім-күзім, күзім-	Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынады? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан
--	--	--	--	---	---

Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шоқайып отыру және орыннан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан көгөнісінің бақшада өсуі туралы	түсетінін байқауға қызықтыру. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсындар. - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасындар". Педагог көркемсөзді	ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Ей! Бауырсақ, бауырсақ!" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап	тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту. "Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгімен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың іні" орнын белгілеп
--	---	--	--	---

ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру. Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), Қайта жерге отырдық (қайта отыру). Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) белгі бойынша тізілуге, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру;	ынталандыру. Педагог: - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.	қайта оқи алады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауды, ойыншықтармен бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	жүруге қызықтыру. - Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау) Ей, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! Бір-екі! (адымдау) Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене	қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша! - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық келгенде тышқандар інге жүгіріп тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып отырайықшы. Педагог көркемсөзді қолданады. Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып
---	---	--	--	---

	зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе- теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		шынықтыру)	ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асындар, Қашындар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір- біріне соғылмауын ескеру керек. Педагог дауыс ырғағына аса назар аударады. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан
--	---	---	--	-------------------	---

					бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. "Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).				

шаралары	Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер салмасы қосылған дәмді тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі заттар мен геометриялық пішіндердің ортақ сенсорлық сипаттарын біріктіруді және ажыратуды үйрету; олардың айырмашылығы мен ұқсастығы жақын	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Наубайшы". Мақсат-міндеттері. Балаларды наубайшының еңбегі туралы білімдерін кеңейту; піскен нанның дайындалу кезеңдерін бакылату арқылы қабылдау қабілетін, сөйлеу тілін, түйсігін дамыту. "Нанның дәмін көрейік" рефлексиясы.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Піскен бауырсақтар". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді жағып жапсыруды, сүлгіні қолдануғды үйрету; балаларға жапсыру амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен	"Жуыну әні" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмдегі бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. (музыка, сөйлеуді дамыту)	"Бауырсақ кімнен қашты" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың білімдерін "Бауырсақ" ертегісінің желісі жөнінде пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту. Құралдар: "бауырсақ" кейіпкерлерінің жеке суреттері. - Балалар, мен

пішіндерді (дөңгелек пен сопақшаны) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; геометриялық пішін қасиеттерін жеміс және көгөніс пішіндерінен байқап, табуға дағдыландыру; нанның қасиеті мен жеміс-көгөністердің дәрумендік маңызы туралы түсінік беру. "Домалақ-сопақша" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Ойын ережесі бойынша ойнауды үйрету. Есту, ойлау, сөйлеу, зейінді дамыту. "Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.	Мақсат-міндеттері. Нанның дәмін сезінуді, наубайшының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. "Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуды үйрету. Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; балалардың күз мезгілінің өзгерістері мен нәтижелі іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту; нанды құрметтеп, қастерлеуге және аяққа баспауға тәрбиелеу. "Дәмін көрейік" рефлексиясы. "Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет	"Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін көрсетіп отырайын, ал сендер бауырсақтың неден қашқанын айтып отырыңдар. "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкерлерін қатарға салып беру, аталған сайын көрсетіп отыру. Балалар жауап бере алмай жатса да, кейіпкерлерді кезекпен көрсетуді жалғастыру, балалар әрқайсын атайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
---	---	---	---

	Балаларға пішіндерді ажыратуды үйрету; түрлі түсті пішіндер жұптарын жинауда жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: түрлі түсті геометриялық пішіндер.		кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, шымылдық (ширма). (жапсыру, сөйлеуді дамыту)		
Балалармен жеке жұмыс	Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. "Бауырсақ".	<i>Д. Ахметова "Кірпі"</i> . Кірпі арқасы инеге толған, Жүгіріп жүр айнала, Көк майса шөпті аралап, Пысылдап, иіскеп, қазып.	Бауырсақ ойыншығымен ойнату. <i>Д. Ахметова "Бауырсақ"</i> . Бауыр-бауыр-бауырсақ, Сенің бетің домалақ, Сенің дәмің тәп-тәтті. Абайлашы, сақ болшы!	<i>Қ. Ыдырысов "Күзім"</i> . Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау.	"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. - Ей, Бауырсақ! Ей, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! Бір-екі! Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр,

					адымда!
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту)				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. "Айна" ойыны. Мақсат-міндеттері. Зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топ сапқа тұрады. Қалғандары көрермендер болады. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтің барлық қимылдарын қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы", "Нанның құрамындағы пайдалы элементтер", "Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары".				

